

Қадағаланатын саладағы/аядағы/өңірдегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру тиімділігін бағалау жөніндегі әдістемені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 14 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 20 қаңтарда № 7389 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2014 жылғы 20 ақпандағы № 52 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 20.02.2014 № 52 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығымен бекітілген Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесінің 25-тармағына сәйкес

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қосымшаға сәйкес Қадағаланатын саладағы/аядағы/өңірдегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру тиімділігін бағалау жөніндегі әдістеме бекітілсін.

2. Стратегиялық жоспарлау және талдау департаменті (Ә.Ә.Бақаев) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің ресми интернет-ресурсында кейіннен жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда вице-министрі М.Е. Әбілқасымоваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Министр *Қ. Келімбетов*
Қазақстан Республикасының
Экономикалық даму және
сауда министрінің
2012 жылғы 19 қаңтардағы
№ 14 бұйрығымен бекітілген

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Экономикалық даму және сауда министрінің м.а. 2012.12.29 № 351 Бұйрығымен.

Қадағаланатын саладағы/аядағы/өңірдегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру тиімділігін бағалау жөніндегі әдістеме

1. Жалпы ережелер

1. Осы қадағаланатын саладағы/аядағы/өңірдегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру тиімділігін бағалау жөніндегі әдістеме (бұдан әрі – Әдістеме) «Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы» (бұдан әрі - Бағалау жүйесі) Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығын іске асыру мақсатында әзірленген.

2. Әдістеме бағаланатын орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың (бұдан әрі – мемлекеттік органдар) қадағаланатын саланы/аяны/өңірді дамытуға бағытталған шараларының тиімділігін айқындауға арналған.

3. Қадағаланатын саладағы/аядағы/өңірдегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру тиімділігін бағалау (бұдан әрі – Тиімділікті бағалау) Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі бекітетін Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігіне жыл сайынғы бағалау жүргізу кестесіне сәйкес (бұдан әрі – Бағалау кестесі) жүзеге асырылады.

4. Тиімділікті бағалауды мынадай мемлекеттік органдар (бұдан әрі – бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдар):

Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) – осы Министрліктің тиімділігін бағалауды қоспағанда, орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың тиімділігін бағалауды ;

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі – Министрліктің тиімділігін бағалауды ;

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі - Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін орталық мемлекеттік органдардың тиімділігін бағалауды жүзеге асырады.

5. Тиімділікке бағалау жүргізу үшін Министрлік Бағалау жүйесінің шеңберінде бағыттар бойынша Тиімділікті жалпы бағалау нәтижелері туралы сараптама қорытындысын қалыптастыру жөніндегі сараптама комиссиясының (бұдан әрі - Сараптама комиссиясы) жұмыс органының кіші тобы болып

табылатын, лауазымды тұлғалардан тұратын Кіші жұмыс тобын (бұдан әрі - Кіші жұмыс тобы) құрады.

2. Қадағаланатын саладағы/аядағы/өңірдегі мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру тиімділігін бағалауға арналған ақпарат көздері

6. Тиімділікті бағалау: орталық мемлекеттік органның стратегиялық жоспарының, оның ішінде 2, 3 және 6 - бөлімдері;

орталық мемлекеттік органның стратегиялық жоспарын іске асыру туралы есептің;

облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумақтарды дамыту бағдарламасының (бұдан әрі – Аумақтарды дамыту бағдарламасы) оның ішінде 2 және 4 - бөлімдері;

Аумақтарды дамыту бағдарламасының іске асырылуы туралы есептің; статистикалық және ведомстволық деректердің; басқа да көздер (болған жағдайда) негізінде жүзеге асырылады.

7. Кіші жұмыс тобы бағаланатын мемлекеттік органдардың есепті ақпаратына олардың дұрыстығы тұрғысынан талдау жүргізеді.

8. Деректердің дұрыстығы статистикалық деректермен, бәсекеге қабілеттіліктің халықаралық көрсеткіштерімен, сондай-ақ салалық орталық мемлекеттік органдардың деректерімен расталады.

3. Бағаланатын мемлекеттік органдардың есепті ақпаратында қамтылған деректерді қайта тексеру

9. Бағалау жүйесінің 51-тармағына сәйкес бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдар бағаланатын мемлекеттік органдардың есепті ақпаратында қамтылған деректерді қайта тексеруді жүзеге асырады (бұдан әрі - Қайта тексеру).

10. Қайта тексеру мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарының/ Аумақтарды дамыту бағдарламасының тікелей және түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізу бойынша ақпараттың дұрыстығын айқындау тұрғысынан жүргізіледі.

11. Стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының тікелей нәтижелерін қайта тексеру растайтын құжаттарды жинақтау және талдау (ведомстволық есептер, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер актілері, хаттамалар, хаттар және т.б.) жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

12. Стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының түпкілікті нәтижелерін қайта тексеру статистикалық деректерді, ведомстволық

есептерді және өзге де қосымша ақпаратты талдау негізінде жүзеге асырылады.

13. Қайта тексеру рәсімі бағаланатын мемлекеттік органдардан растайтын құжаттарды сұраудан, есепті ақпаратты салыстырып тексеруден, осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Есепті ақпаратта қамтылған деректерді қайта тексеру қорытындылары бойынша тексеру актісін (бұдан әрі – Тексеру актісі) жасаудан тұрады.

14. Қайта тексеру шеңберінде бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдар құпиялылық белгісі бар құжаттардан басқа, растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін ала алады.

4. Қадағаланатын саладағы/аядағы/өңірдегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру тиімділігін бағалау

15. Тиімділікті бағалау мынадай өлшемдер бойынша жүзеге асырылады:

1) стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының сапасы мен толықтығы;

2) тәуекелдерді басқару (тек қана орталық мемлекеттік органдар үшін);

3) стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу;

4) жергілікті атқарушы органдардың нәтижелілік коэффициенті.

16. Орталық мемлекеттік органдар үшін тиімділікті бағалау әрбір өлшемнің салмақты мәнін ескере отырып, мынадай формула бойынша есептеледі:

$$A = (0.1 \times B + 0.1 \times C + 0.8 \times D) \times 100\% - W,$$

м ұ н д а :

A – қадағаланатын саладағы/аядағы/өңірдегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру тиімділігін бағалау;

B – стратегиялық талдаудың сапасы мен толықтығы, салмақты мәні – 0,1;

C – тәуекелдерді басқару, салмақты мәні – 0,1;

D – стратегиялық жоспардың мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу, салмақты мәні – 0,8;

W – балды шегеру.

17. Жергілікті атқарушы органдар үшін тиімділікті бағалау әрбір өлшемнің салмақты мәнін ескере отырып, мынадай формула бойынша есептеледі:

$$A = (0.2 \times B + 0.8 \times D \times E) \times 100\% - W,$$

м ұ н д а :

A – қадағаланатын саладағы/аядағы/өңірдегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру тиімділігін бағалау;

B – Аумақтарды дамыту бағдарламасының сапасы мен толықтығы, салмақты

м ә н і — 0 , 2 ;

D – Аумақтарды дамыту бағдарламасының мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу, салмақты мәні — 0,8;

E – жергілікті атқарушы органдардың нәтижелілік коэффициенті;
W – балды шегеру.

18. «Стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының сапасы мен толықтығы» өлшемі бойынша есептеуі стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының тиісті бөлімдері негізінде жүзеге асырылады.

Стратегиялық талдаудың сапасы мен толықтығының коэффициенті мемлекеттік жоспарлау саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес, сараптамалық жолмен анықталады, атап айтқанда, стратегиялық жоспарларды/Аумақтарды дамыту бағдарламасын әзірлеу.

19. Стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының сапасы мен толықтығы коэффициентін есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$B = \frac{1}{n} \sum_{i=1}^n Q_i,$$

м ұ н д а ,

B – стратегиялық жоспардың/Аумақтар дамыту бағдарламасының сапасы мен толықтығының коэффициенті;

Q_i – мемлекеттік органның қызмет бағытының әрбір саласының сапасы мен толықтығы коэффициенті;

n – мемлекеттік орган қызмет салаларының/бағыттарының саны.

Егер қызмет саласының екі және одан да астам бағыты болса, онда әрбір бағытқа тиісті коэффициент беріледі.

Жалпы Q_i саласы бағыттар санына бөлінген әрбір бағыт бойынша коэффициенттер сомасына тең.

20. Орталық мемлекеттік органдар үшін мемлекеттік орган қызметінің негізгі салалары/бағыттары бөлінісінде стратегиялық жоспардың екінші бөліміне бағалау жүргізіледі. Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік органдардың қызметі салаларының тізбесі осы Әдістеменің 2-қосымшасында келтірілген.

Стратегиялық жоспардың сапасы мен толықтығын бағалау мынадай параметрлер бойынша жүргізіледі:

1) стратегиялық жоспар шешіміне бағытталған халықтың/игілік алушылардың қажеттіліктерін тиісті талдаумен реттелетін саладағы/бағыттағы

негізгі проблемаларды айқындау;

2) стратегиялық жоспардың екінші бөлімінің үшінші бөлімімен өзара байланысы.

Бұл ретте мемлекеттік орган қызметінің әрбір негізгі саласы/бағыты (Q_i) жоғарыда аталған екі параметр бойынша q_1 мынадай формуламен бағаланады:

$$Q_i = \frac{q_1 + q_2}{2},$$

Әрбір жоғарыда көрсетілген параметрге (q_1) тиісті коэффициент 1; 0,5; 0 беріледі.

Бірінші параметр бойынша (q_1):
егер стратегиялық жоспарда барлық негізгі проблемалар халықтың/игілік алушылардың қажеттіліктерін тиісті талдаумен көрсетілген болса, онда $q_1 = 1$;

егер стратегиялық жоспарда негізгі проблемалар халықтың/игілік алушылардың қажеттіліктерін жартылай және/немесе толық емес талдаумен көрсетілген болса, онда $q_1 = 0,5$;

егер стратегиялық жоспарда негізгі проблемалар көрсетілмеген болса және/немесе халықтың/игілік алушылардың қажеттіліктеріне талдау жүргізілмесе, онда $q_1 = 0$.

Екінші параметр бойынша (q_2):
егер стратегиялық жоспарды талдау (көрсетілген мәселелер, даму басымдықтары және т.б.) тиісті салада/бағытта көзделген нысаналы индикаторлар/көрсеткіштер/іс-шаралар арқылы көрсетілген стратегиялық жоспардың үшінші бөлімімен өзара байланыста болса, онда $q_2 = 1$;

егер стратегиялық жоспарды талдау (көрсетілген мәселелер, даму басымдықтары және т.б.) тиісті салада/бағытта стратегиялық жоспардың үшінші бөлімімен жартылай өзара байланыста болса және нысаналы индикаторлар/көрсеткіштер/іс-шаралар толық көрсетілмесе, онда $q_2 = 0,5$;

егер стратегиялық жоспарды талдау (көрсетілген мәселелер, даму басымдықтары және т.б.) тиісті салада/бағытта стратегиялық жоспардың үшінші бөлімімен өзара байланыста болмаса, онда $q_2 = 0$.

21. Жергілікті атқарушы органдар үшін мемлекеттік орган қызметінің негізгі салалары/бағыттары бөлінісінде Аумақтарды дамыту бағдарламасының екінші бөліміне бағалау жүргізіледі және оның Аумақтарды дамыту бағдарламасының төртінші бөлімімен өзара байланысы. Аумақтарды дамыту бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы органдардың қызметі салаларының тізбесі осы Әдістеменің 3-қосымшасында келтірілген.

Аумақтарды дамыту бағдарламасының сапасы мен толықтығын бағалау

мынадай параметрлер бойынша жүргізіледі:

1) Аумақтарды дамыту бағдарламасының шешіміне бағытталған аймақтың алдында тұрған негізгі проблемаларды анықтау;

2) Аумақтарды дамыту бағдарламасының екінші бөлімімен төртінші бөлімінің өзара байланысы.

Бұл ретте мемлекеттік орган қызметінің әрбір негізгі саласы/бағыты (Q_i) жоғарыда аталған екі параметр бойынша (q_1) мынадай формуламен бағаланады:

$$Q_i = \frac{q_1 + q_2}{2},$$

Әрбір жоғарыда көрсетілген параметрге (q_1) тиісті коэффициент 1;0,5;0 беріледі.

Бірінші параметр бойынша (q_1): егер аумақтарды дамыту бағдарламасында өңірдің барлық негізгі проблемалары халықтың/игілік алушылардың қажеттіліктерін тиісті талдаумен көрсетілген болса, онда $q_1 = 1$;

егер Аумақтарды дамыту бағдарламасында өңірдің негізгі проблемалары халықтың/игілік алушылардың қажеттіліктері жартылай және/немесе толық емес талдаумен көрсетілген болса, онда $q_1 = 0,5$;

егер Аумақтарды дамыту бағдарламасында өңірдің негізгі проблемалары көрсетілмеген болса және/немесе халықтың/игілік алушылардың қажеттіліктерін талдау жүргізілмесе, онда $q_1 = 0$.

Екінші параметр бойынша (q_2): егер Аумақтарды дамыту бағдарламасының талдауы (көрсетілген мәселелер, даму басымдықтары және т.б.) тиісті салада/бағытта көзделген нысаналы индикаторлар/көрсеткіштер/іс-шаралар арқылы көрсетілген Аумақтарды дамыту бағдарламасында төртінші бөлімімен өзара байланыста болса, онда $q_2 = 1$;

егер Аумақтарды дамыту бағдарламасының талдауы (көрсетілген мәселелер, даму басымдықтары және т.б.) тиісті салада/бағытта Аумақтарды дамыту бағдарламасының төртінші бөлімімен жартылай өзара байланыста болса және нысаналы индикаторлар/көрсеткіштер/іс-шаралар толық көрсетілмесе, онда $q_2 = 0$, 5 ;

егер Аумақтарды дамыту бағдарламасының талдауы (көрсетілген мәселелер, даму басымдықтары және т.б.) тиісті салада/бағытта Аумақтарды дамыту бағдарламасының төртінші бөлімімен өзара байланыста болмаса, онда $q_2 = 0$.

Бұл ретте екінші параметр шеңберінде бірыңғай тізбе көрсеткіштерінен басқа өңірдің ерекшелігін ескере отырып, жергілікті атқарушы органдардың өздері Аумақтарды дамыту бағдарламасына қосқан көрсеткіштер талданылады.

22. «Тәуекелдерді басқару» критерийінің коэффициенті стратегиялық жоспардың 6-бөлімін талдау арқылы айқындалады.

Бағалау шеңберінде мемлекеттік органдар стратегиялық жоспарларының іске асырылу барысына әсер етуі және жоспарланған мақсаттарға, нысаналы индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге кедергі жасауы мүмкін «Тәуекелдерді басқару» бөлімінде көзделген ықтимал тәуекелдерге талдау жүргізіледі.

Сонымен қатар көзделген іс-шаралардың ықтимал тәуекелдерге арақатынасы арқылы тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар талданылады. Бұл тәсіл тәуекелдің төмендеуіне/тоқтатылуына ықпал етпейтін нысандық іс-шараларды анықтайды.

«Тәуекелдерді басқару» критерийінің коэффициентін есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асады:

$$C = \frac{1}{k} \sum_{j=1}^k R_j,$$

мұнда,
 C – тәуекелдерді басқару;
 R_j – тәуекелді талдау коэффициенті;
 k – тәуекелдердің жалпы саны.

Бұл ретте әрбір көзделген тәуекелге тиісті коэффициент: 1; 0,5; 0 беріледі.

Егер тәуекел стратегиялық жоспардың іске асырылу барысына әсер етсе, алайда көзделген іс-шаралар тәуекелдің төмендеуіне/тоқталуына бағытталса, онда $R_j = 1$.

Егер тәуекел стратегиялық жоспардың іске асырылу барысына әсер етсе және көзделген іс-шаралар тәуекелдің төмендеуіне/тоқталуына бағытталмаса, онда $R_j = 0,5$.

Егер тәуекел стратегиялық жоспардың іске асырылу барысына әсер етпесе, онда $R_j = 0$.

23. «Стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу» өлшемі мақсаттарға қол жеткізу коэффициентін есептеу арқылы айқындалады. Мақсаттарға қол жеткізу коэффициенті өз кезегінде екі құрамдауыштан тұрады: тиісті мақсатқа қол жеткізу үшін жоспарланған нысаналы индикаторларға қол жеткізу коэффициенті, тиісті мақсатты іске асыру үшін жоспарланған міндеттемелерді іске асыру коэффициенті.

24. «Стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу» өлшемінің коэффициентін есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$D = \frac{1}{n} \sum_{i=1}^n X_i,$$

м ұ н д а :

D – стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу коэффициенті;

X_i – тиісті міндеттерге сәйкес әрбір мақсатқа қол жеткізу коэффициенті;

n – мақсаттардың саны.

Тиісті міндеттерге (X_i) сәйкес әрбір мақсатқа қол жеткізу коэффициентін есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$X_i = K_i \times Y_i,$$

м ұ н д а :

K_i – стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының мақсатқа қол жеткізу коэффициенті;

Y_i – тиісті мақсатты іске асыру жоспарланған стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының міндеттерін іске асыру коэффициенті.

Мақсатқа қол жеткізу коэффициенті (K_i) мынадай формула бойынша есептеледі:

$$K_i = \frac{1}{m} \sum_{j=1}^m h_j,$$

м ұ н д а :

h_j – тиісті мақсатқа қол жеткізу үшін көзделген әрбір нысаналы индикаторға қол жеткізу коэффициенті;

m – тиісті мақсатқа қол жеткізу үшін көзделген нысаналы индикаторлардың жалпы саны.

Стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының тиісті мақсатына қол жеткізу үшін көзделген әрбір нысаналы индикаторға қол жеткізу коэффициентін есептеу іс-жүзінде орындалғанның (жақсарғанның немесе нашарлағанның) жоспарланған жақсартуға ара қатынасы арқылы жүзеге асырылады :

Бұл ретте, егер, $h_j \geq 1$ болса, онда $h_j = 1$, егер $h_j < 0$, онда $h_j = 0$.

Стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының мақсаттарына қол жеткізу коэффициентін есептеу кезінде мыналар есепке

а л ы н а д ы :

есепті кезеңге жоспарлы мәні жоқ нысаналы индикатор мақсатқа қол жеткізу коэффициентінің есебіне алынбайды;

бағалау жасау кезде ресми статистикалық деректер болмағанды жағдайда, есепке шұғыл деректер алынады. Шұғыл деректерді ұсыну мүмкіндігі болмаған кезде, нысаналы индикатор есепке мақсатқа қол жеткізу коэффициентінің есебіне а л ы н б а й д ы .

Тиісті мақсатты іске асыру жоспарланған міндеттерді іске асыру коэффициенті (Y_i), тиісті міндетті орындауда көзделген тікелей нәтиженің әрбір көрсеткішіне қол жеткізілуді талдау жолымен айқындалады.

Тиісті мақсатты іске асыру жоспарланған стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының міндеттерін іске асыру дәрежесін есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$Y_i = \frac{1}{f} \sum_{k=1}^f z_k,$$

м ұ н д а :

Y_i – тиісті мақсатты іске асыру жоспарланған стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының міндеттерін іске асыру коэффициенті;

z_k – стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының әрбір міндетін іске асыру коэффициенті;

f – тиісті мақсатты іске асыру жоспарланған стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының міндеттерінің жалпы саны.

Бұл ретте, стратегиялық жоспардағы/Аумақтарды дамыту бағдарламасындағы әрбір (z_k) міндетті іске асыру коэффициентін есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$z_k = \frac{1}{r} \sum_{g=1}^r p_g,$$

м ұ н д а :

p_g – стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының тиісті міндетін іске асыруда көзделген тікелей нәтиженің әрбір көрсеткішін іске асыру коэффициенті ;

r – стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының тиісті міндетін іске асыруда көзделген тікелей нәтижелер көрсеткіштерінің жалпы саны .

Стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының тиісті міндетін іске асыруда көзделген стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту

бағдарламасының p_g тікелей нәтижесінің әрбір көрсеткішіне қол жеткізу коэффициентін есептеу іс-жүзінде атқарылғанның (жақсартылған немесе нашарланған) жоспарланғанға арақатынасы арқылы жүзеге асырылады.

Бұл ретте, егер $p_g \geq 1$ болса, онда $p_g = 1$, егер $p_g < 0$ болса, онда $p_g = 0$.

Стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының міндеттеріне қол жеткізу коэффициентін есептеу кезінде мыналар есепке алынады :

есепті кезеңде жоспарлы мәні жоқ тікелей нәтиже көрсеткіші міндетке қол жеткізу коэффициентінің есебіне алынбайды;

бағалау жүргізген ресми статистикалық деректер болмаған жағдайда, есепке шұғыл деректер алынады. Шұғыл деректерді ұсыну мүмкін болмаған кезде, нысаналы индикатор мақсатқа қол жеткізу коэффициентінің есебіне алынбайды.

25. «Жергілікті атқарушы органдар нәтижелілігінің коэффициенті» өлшемі индекстердің орташа геометриялық көрсеткішін мынадай көрсеткіштерден есептеп шығару арқылы айқындалады: жұмыссыздық деңгейі;

жұмыспен қамтылған халықтың құрамында өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үлесі ;

баспананы қажет ететін азаматтар саны; стационарлық көздерден шығатын ауаны ластайтын заттардың халықтың жан басына шаққанда атмосфераға шығарымдылары; халықтың нақты ақшалай табысының индексі; халықтың жан басына шаққанда жалпы өңірлік өнім.

26. Жергілікті атқарушы органдар нәтижелілігінің коэффициенті өлшемін есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$E = \sqrt[n]{S_1 \times S_2 \times \dots \times S_n},$$

м ұ н д а :

E – мемлекеттік орган нәтижелілігінің коэффициенті;

S_i – индекс i -нің көрсеткіші, $i = 1 \dots n$;

n – көрсеткіштердің саны.

Әрбір көрсеткіш индексі (S_i) арақатынасы арқылы былайша есептеледі:

$$S_i = \frac{S_i^R}{S_i^B},$$

м ұ н д а :

S_i – i -нің индекс көрсеткіші;

S_i^R – есепті кезеңдегі i көрсеткішінің нақты мәні;

S_i^B – алдыңғы кезеңдегі i - көрсеткішінің мәні;

Бұл ретте, $S_i > 1$ болса, онда $S_i = 1$ есепке алынады.

Егер есепті кезеңдегі i -көрсеткішінің жақсаруы оның мәні өзгеруінің теріс динамикасына негізделген жағдайда мынадай формула қолданылады:

$$S_i = \frac{S_i^B}{S_i^R}$$

Жергілікті атқарушы органдар нәтижелілігінің коэффициенті статистикалық және ведомстволық деректер негізінде есептелінеді.

Жергілікті атқарушы органдардың нәтижелілік коэффициентін есептеу осы Әдістеменің 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жүзеге асырылады.

5. Қадағаланатын салада/аяда/өңірде стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру тиімділігін бағалау нәтижелері туралы қорытынды

27. Қадағаланатын салада/аяда/өңірде стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру бойынша орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органның қызметі тиімділігін бағалаудың нәтижелері туралы қорытынды (бұдан әрі – Қорытынды) осы Әдістеменің 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құрастырылады.

Қорытынды мынадай тәртіпте жасалады:

«Балдар» деген бағанда өлшемдер бөлінісінде балдар көрсетіледі;

«Коэффициент» деген бағанда өлшемдер бөлінісінде коэффициенттер көрсетіледі.

«Балдарды шегеру» деген жолда осы Әдістеменің 9-бөліміне сәйкес шегерілген балдар көрсетіледі.

«Жалпы баға» деген жолда осы Әдістеменің 16, 17-тармағына сәйкес формула бойынша есептелген жалпы балл көрсетіледі.

«Орталық мемлекеттік органның/жергілікті атқарушы органның қызметін бағалау бойынша талдамалық есеп және тұжырымдар» деген бөлімде орталық мемлекеттік орган немесе жергілікті атқарушы орган жоспарлаған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру нәтижелеріне толық талдау келтіріледі, оның ішінде:

стратегиялық талдаудың сапасы мен толықтығын талдау.

стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізілуді талдау.

тәуекелдердің басқарылуын талдау.
мемлекеттік орган/өңірдің нәтижелілігі.
балдарды шегеру туралы ақпарат.

Бұдан басқа, осы бөлімде бағалаудың нәтижелеріне қатысты тиісті
т ұ ж ы р ы м д а р к ө р с е т і л е д і .

«Орталық мемлекеттік органның/жергілікті атқарушы органның қызметін жақсарту бойынша ұсынымдар» деген бөлімде мемлекеттік орган қызметін одан әрі жақсарту бойынша ұсынымдар, сондай-ақ өзге де бар ұсынымдар егжей-тегжейлі сипатталады.

6. Бағалаудың нәтижелеріне шағымдану тәртібі

28. Қорытындыны алған сәттен бастап бағаланатын мемлекеттік орган бағалау нәтижелерімен келіспеген жағдайда, 5 жұмыс күні ішінде бағалауға уәкілетті мемлекеттік органға растаушы құжаттармен қоса өзінің наразылықтарын жолдауға құқылы.

29. Бағалау нәтижелерінің шағымдануы дәлелдейтін құжаттардың ұсынылуымен дәлелді және тиянақты болуы тиіс.

30. Бағалау нәтижелеріне наразылықтар болмаған жағдайда, бағаланатын мемлекеттік орган 5 жұмыс күні ішінде бағалауға уәкілетті мемлекеттік органға тиісті хабарлама жібереді. Бағаланатын мемлекеттік органдар наразылық берудің уақыты белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін қабылданбайды.

31. Шағымдану рәсімін өткізу үшін бағалауға уәкілетті мемлекеттік органда құрамына наразылықтарын ұсынған мемлекеттік органдарды бағалауға қатысқан қызметкерлер кіре алмайтын Арнайы комиссия құрылады.

Бірақ арнайы комиссияның саны мен құрамын бағалауға уәкілетті мемлекеттік орган дербес айқындайды, құрамы кемінде 5 адам.

32. Бағаланатын мемлекеттік органдардың растайтын құжаттары бар наразылықтарын алған күннен бастап, бес жұмыс күні ішінде бағалауға уәкілетті мемлекеттік орган осы Әдістеменің 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша келіспеушіліктер кестесін (бұдан әрі - Келіспеушіліктер кестесі) қалыптастырады және Арнайы комиссияның қарауына енгізеді.

33. Арнайы комиссия наразылықтар ұсынған бағаланатын мемлекеттік органдардың өкілдері, сондай-ақ мүдделі салалық орталық мемлекеттік органдар өкілдері шақырылған наразылықтарды қарау және бағалау нәтижелерінің объективтілігін анықтау бойынша отырыстар өткізеді.

34. Арнайы комиссияның отырыстарының нәтижелері бойынша Келіспеушіліктер кестесі пысықталып, оған Арнайы комиссия төрағасы қол

қ о я д ы .

35. Бағаланатын мемлекеттік органдардың наразылықтарын алған күннен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде бағалауға уәкілетті мемлекеттік орган Сараптау комиссиясының жұмыс органына және бағаланатын мемлекеттік органдарға қорытынды тұжырымдарды жолдайды.

7. Қайта құрылған және таратылған мемлекеттік органдарға бағалау жүргізу тәртібі

36. Мемлекеттік орган қайта құрылған немесе таратылған жағдайда бағаланатын жылдың бірінші жартыжылдығында осы мемлекеттік органның бағалауы осы әдістемеге сәйкес құқықтық мирасқор мемлекеттік органның бағалауы шеңберінде жүзеге асырылады.

37. Мемлекеттік орган қайта құрылған немесе таратылған жағдайда бағаланатын жылдың екінші жарты жылдығында оның қызметіне бағалау жүргізілмейді, ал осы мемлекеттік орган қызметін талдау нәтижелері құқықтық мирасқор мемлекеттік органға бағалау қорытындылары бойынша берілген ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу кезінде ескеріледі.

8. Бағаланатын мемлекеттік органдардың есепті ақпаратының уақтылығын, толықтығын және дәйектілігін айқындау рәсімі

38. Бағаланатын мемлекеттік орган Бағалау кестесіне сәйкес нақты және дәйекті жасалған есепті ақпаратын бағалауға уәкілетті мемлекеттік органға у а қ т ы л ы ұ с ы н а д ы .

39. Есепті ақпаратын уақтылы, толық емес және дәйекті ұсынбау фактілері анықталған жағдайда, бұл бағыт бойынша қорытынды бағалаудан айыппұлдық б а л д а р ш е г е р і л е д і .

40. Бағалауға уәкілетті мемлекеттік органға бағалау кестесінде көзделген мерзімнен кейін ұсынылған есепті ақпараты уақтылы емес деп танылады. Мемлекеттік органның есепті ақпаратын уақтылы ұсынбаған кезде 1,5 (бір ж а р ы м) б а л ы ш е г е р і л е д і .

41. Есепті ақпаратының құрылымына қойылатын белгіленген талаптарда көзделген (ұсыныстар, бөлімдер, кестелер, көрсеткіштер мәні және т.б.) элементтері жоқ есепті ақпараты толық емес деп танылады.

Мемлекеттік органның толық емес ақпаратты ұсынғаны үшін 2 (екі) а й ы п п ұ л д ы қ б а л ы ш е г е р і л е д і .

42. Қайта тексеру барысында 3 және одан да көп шындыққа сәйкес келмейтін фактілер анықталмаса, ол дәйекті емес есепті ақпараты деп танылады. Көрсетілген фактілер Тексеру актісінде тіркеледі.

Әрбір тіркелген фактіге мемлекеттік органның есепті ақпаратын дәйекті ұсынбағаны үшін 0,2 айыппұлдық балы шегеріледі. Толық емес ақпаратты ұсынғаны үшін айыппұлдық балдарының шегерілген сомасы 5 (бес) балдан аспайы керек.

43. Шегерімдер туралы ақпарат «Талдамалық есеп және орталық мемлекеттік орган/жергілікті атқарушы орган қызметін бағалау қорытындылары» деген бөлімде көрсетіледі.

Қадағаланатын саладағы /аядағы/ өңірдегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру тиімділігін бағалау жөніндегі әдістемеге 1-қосымша нысан

Есепті ақпаратта қамтылған деректерді қайта тексеру қорытындылары бойынша тексеру актісі

(орталық мемлекеттік органның/жергілікті атқарушы органның атауы)

(есеп беру кезеңі)

№	Атауы	Шегерілетін балдар
1	Есепті ақпараттың уақтылы ұсынылмауы	
2	Ақпараттың толық емес ақпарат ұсынылуы	
3	Ақпараттың дұрыс емес ұсынылуы	
Барлығы:		

1. Мемлекеттік органның бағалау кестесіне сәйкес есепті ақпаратты ұсыну мерзімі:

201_ жылдың «___» _____.

Есепті ақпараттың ұсынылатын нақты күні: 201_ жылдың «___» _____.

Шегеру балы: _____

2. Толық ақпарат ұсынылмаған, оның ішінде белгіленген талаптармен есепті ақпараттың құрылымына қойылатын көзделген белгіленген талаптармен мынадай элементтер көрсетілмеген (қосымшалар, бөлімдер, кестелер, көрсеткіштердің мәндері және т.б.):

- 1)
- 2)
- ...

Шегеру балы : _____

3. Қайта тексеру барысында фактілерге мынадай сәйкессіздіктер анықталды:

№	Нысаналы индикатор/тікелей нақты көрсеткіштер атауы	Есепті жылдың жоспары	Есепті жылдың факті	Қайта тексеру бойынша есепті жылдың факті	Балдарды шегеру	Ескерту
1						
...						

Шегеру балы : _____ балл.

Шегеру қорытындысы: _____ балл.

Уәкілетті органның өкілі, лауазымы _____
(күні) (қолы) (қолды таратып жазу)

Бағаланатын мемлекеттік органның
өкілі, лауазымы _____
(күні) (қолы) (қолды таратып жазу)

Қадағаланатын саладағы /аядағы/
өңірдегі стратегиялық мақсаттар
мен міндеттерге қол жеткізу
және іске асыру тиімділігін
бағалау жөніндегі әдістемеге
2-қосымша
нысан

Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік органдардың қызметі салаларының тізбесі

№	Мәні	Саланың/бағыттың атауы	Деректеме
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі			
1	Сала	Салық салу	Ереже
2	Сала	Кеден ісі	Ереже
3	Сала	Бюджеттік жоспарлау	Ереже
4	Сала	Бюджеттің атқарылуы және мемлекеттік сатып алулар	Ереже
5	Сала	Бюджеттік кредиттеу	Ереже
6	Сала	Республикалық мемлекеттік меншікке иелік ету және меншіктің мемлекеттік мониторингін жүргізу	Ереже
7	Сала	Мемлекеттік және мемлекет кепілдік беретін қарыз алу, үкіметтік және мемлекеттік кепілдік беретін борышты және мемлекет алдындағы борышты басқару	Ереже
8	Сала	Банкроттық рәсімдердің жүргізілуін бақылау	Ереже
9	Сала	Бухгалтерлік есеп, қаржылық есептілік пен аудиторлық қызмет	Ереже
10	Сала	Қаржы мониторингі	Ереже
Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі			
1	Сала	Статистикалық қызмет:	Ереже

1.1	Бағыт	Статистикалық әдіснама мен статистикалық құралдарды қалыптастыру	Ереже
1.2	Бағыт	Ресми статистикалық ақпаратта қоғамның, мемлекеттің және халықаралық қоғамдастықтың қажеттілігін қанағаттандыру	Ереже
1.3	Бағыт	Мемлекеттік статистикалық қызметті салааралық үйлестіру	Ереже
Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі			
1	Сала	Еңбек, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау	Ереже
2	Сала	Жұмыспен қамтылушылық	Ереже
3	Сала	Әлеуметтік қамсыздандыру, оның ішінде зейнетақы қамсыздандыру және міндетті әлеуметтік сақтандыру	Ереже
4	Сала	Әлеуметтік қолдау, оның ішінде әлеуметтік көмек, арнайы әлеуметтік қызмет көрсету	Ереже
Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі			
1	Сала	Мемлекет қызметін құқықтық қамсыздандыру	Ереже
1.1	Бағыт	Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының жоғары тұруын және Қазақстан Республикасының егемендігін қамтамасыз етуге, жалпы мемлекеттің даму стратегиясын әзірлеуге және іске асыруға, заң жобалау жұмысын жүргізуге, заңнаманы талдауға, жетілдіруге және жүйелеуге, нормативтік құқықтық актілердің заңдық сараптамасын жүргізуге қатысу арқылы қоғамды және мемлекетті тұрақты және үдемелі дамытуға ұлттық заңнаманы қалыптастыруға қатысу	Ереже
1.2	Бағыт	Республиканың әлемдік қоғамдастықта ұлттық мүдделерін қорғау мен беделін нығайту мақсатында Қазақстанның халықаралық аренадағы қызметін, оның ішінде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасау мен дайындау арқылы құқықтық қамтамасыз ету	Ереже
1.3	Бағыт	Заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркелуін қозғалмайтын мүлікке олармен мәмілелер жасау, қозғалатын мүліктің жекелеген түрлеріне кепілдіктерін мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілері, жергілікті өкілдік және атқарушы органдардың, азаматтық жағдайының актілерін сонымен бірге Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік есепке алынуы мен олардың бағалауын жүзеге асыру	Ереже
1.4	Бағыт	Құқықтық көмек көрсетуді ұйымдастыру және заңды қызмет көрсету мен құқықтық насихаттауды қамтамасыз ету	Ереже
1.5	Бағыт	Сот-сараптама қызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру	Ереже
1.6	Бағыт	Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру	Ереже
1.7	Бағыт	Өкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша заңнамаға сәйкес іс жүргізуді жүзеге асыру	Ереже
Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі			
1	Сала	Азаматтық қорғаныс пен материалдық резерв жүйесін қалыптастыру	Ереже
2	Сала	Техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды алдын алу, жою	Ереже
3	Сала	Табиғи сипаттағы төтенше жағдайларды алдын алу, жою	Ереже
Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі			
1	Сала	Қазақстан Республикасының сыртқы саяси бағытын курсың іске асыру	Ереже
1.1	Бағыт	Қазақстан Республикасының сыртқы саяси бағытын курсың іске асыру, сыртқы экономикалық саясаттың жүзеге асырылуына жәрдемдесу және Қазақстан Республикасының халықаралық беделін нығайту	Ереже

1.2	Бағыт	Қазақстан Республикасының Егемендігін, қауіпсіздігін, аумағының тұтастығы мен шекарасының беріктігін, оның халықаралық аренада және басқа мемлекеттермен қатынастарында оның саяси сауда-экономикалық және өзге де мүдделерін қорғау	Ереже
1.3	Бағыт	Қазақстан Республикасының шетелдік мемлекеттермен, халықаралық ұйымдармен дипломатиялық және консулдық қатынастарды жүзеге асыруы, Қазақстан Республикасының халықаралық беделін арттыру.	Ереже
1.4	Бағыт	Халықаралық бейбітшілік пен жаһандық және өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасының күш-жігерінің іске асырылуы	Ереже
2	Сала	Қазақстан Республикасының азаматтары мен шет елдегі заңды тұлғаларының мүдделері мен құқықтарын қорғау	Ереже
Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі			
1	Сала	Стратегиялық жоспарлау Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі басымдықтарын қалыптастыру	Ереже
2	Сала	Салықтық, кедендік және бюджеттік саясат	Ереже
3	Сала	Мемлекеттік және мемлекет кепілдік беретін қарыз алу және борыш	Ереже
4	Сала	Мемлекеттік инвестициялық саясат және мемлекеттік -жеке меншік әріптестікті дамыту	Ереже
5	Сала	Өңірлік даму	Ереже
6	Сала	Бәсекелестікті қорғау және монополиялық қызметті шектеу	Ереже
7	Сала	Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтықтар	Ереже
8	Сала	Халықаралық экономикалық және қаржылық қатынастар, оның ішінде халықаралық экономикалық интеграцияны реттеу	Ереже
9	Сала	Сыртқы сауда қызметін реттеу және дамыту	Ереже
10	Сала	Ішкі сауданы реттеу және дамыту	Ереже
11	Сала	Жеке кәсіпкерлікті дамыту және қолдау	Ереже
12	Сала	Мемлекеттік активтерді басқару, оның ішінде корпоративтік басқару сапасын арттыру	Ереже
13	Сала	Мемлекеттік басқару жүйесін дамыту	Ереже
14	Сала	Жұмылдырылған дайындық және жұмылдыру	Ереже
Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі			
1	Сала	Көлік және коммуникация	Ереже
1.1	Бағыт	Автожол секторын дамыту	Ереже
1.2	Бағыт	Теміржол көлігін дамыту	Ереже
1.3	Бағыт	Азаматтық авиацияны дамыту	Ереже
1.4	Бағыт	Су көлігін дамыту	Ереже
1.5	Бағыт	Автомобильдік көлікті дамыту	Ереже
1.6	Бағыт	Көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету	Ереже
2	Сала	«Электронды үкімет» және ақпараттандыру	Ереже
3	Сала	Байланыс	Ереже
Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі			
1	Сала	Қоршаған ортаны қорғау	Ереже
1.1	Бағыт	Қоршаған ортаның тұрақтылығы және оны жақсарту	Ереже
1.2	Бағыт	«Жасыл» экономика қағидаттарын қалыптастыру және төмен сутекті даму	Ереже

1.3	Бағыт	Экологиялық реттеу және бақылау	Ереже
1.4	Бағыт	Гидрометеорологиялық қызмет пен экологиялық мониторинг	Ереже
Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі			
1	Сала	Денешынықтыру мәдениеті және тәрбие	Ереже
2	Сала	Спорт	Ереже
3	Сала	Ойын бизнесі	Ереже
Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі			
1	Сала	Мақсатты ғарыш жүйелерін құру	Ереже
2	Сала	«Байқоңыр» кешенін қоса алғанда, жерүсті ғарыш инфрақұрылымының объектілерін дамыту	Ереже
3	Сала	Ғарыштық зерттеулер жүргізу мен технологияларды дамыту	Ереже
4	Сала	Ғарыш саласының ұшқыштары мен кадрларын дайындау	Ереже
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі			
1	Сала	Ауылшаруашылық кешенінің салаларын дамыту:	Ереже
1.1	Бағыт	Мал шаруашылығы	Ереже
1.2	Бағыт	Өсімдік шаруашылығы	Ереже
1.3	Бағыт	Ауылшаруашылық кешенінің өндірісі мен өнімін қайта өңдеу	Ереже
1.4	Бағыт	Ауылшаруашылық кешенін техникалық жаратқандыру	Ереже
1.5	Бағыт	Ауылшаруашылық кешенін ғылыми қамтамасыз ету және кадрларды даярлау	Ереже
2	Сала	Балық, орман ресурстарын, жануарлар әлемінің ресурсын ерекше сақталатын табиғат аумақтарын сақтау, ұтымды қолдану мен қайта қалпына келтіру:	Ереже
2.1	Бағыт	Балық шаруашылығы	Ереже
2.2	Бағыт	Орман шаруашылығы	Ереже
2.3	Бағыт	Жануарлар әлемінің түрлі алуандылығын сақтау, қорғау, қайта қалпына келтіру	Ереже
2.4	Бағыт	Ерекше сақталатын табиғат аумақтары	Ереже
3	Сала	Су қорының қолданылуы мен сақталуы	Ереже
Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі			
1	Сала	Мемлекеттің ақша-кредит саясатын әзірлеу мен жүргізілуі	Ереже
2	Сала	Төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету	Ереже
3	Сала	Валюталық реттеу мен валюталық бақылауды жүзеге асыру	Ереже
4	Сала	Қаржы жүйесінің тұрақтылығының қамтамасыз етуінің жәрдемдесуі	Ереже
5	Сала	Қаржы нарығының және қаржы ұйымдарының өзге тұлғалардың қызметін құзыреті шегінде реттеу, бақылау және қадағалауы	Ереже
5.1	Бағыт	Банк жүйесі	Ереже
5.2	Бағыт	Жинақтаушы зейнетақы қоры	Ереже
5.3	Бағыт	Бағалы қағаздар нарығы	Ереже
5.4	Бағыт	Сақтандыру және сақтандыру қызметі	Ереже
6	Сала	Қаржылық қызметті тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуының тиісті деңгейін қамтамасыз ету	Ереже
Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй шаруашылығы агенттігі			
1	Сала	Сәулет мен қала құрылысы қызметі	Ереже

2	Сала	Құрылыс қызметі	Ереже
3	Сала	Тұрғын үй -коммуналдық шаруашылық	Ереже
3.1	Бағыт	Электрмен жабдықтау (электрожелілік объектілер 0,4 кВ)	Ереже
3.2	Бағыт	Сумен жабдықтау және су бұру	Ереже
3.3	Бағыт	Жылумен жабдықтау (100 Гкал/сағ одан да көп қуаттылығы белгіленген ЖЭО)	Ереже
3.4	Бағыт	Газбен жабдықтау	Ереже
3.5	Бағыт	Коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу	Ереже
3.6	Бағыт	Тұрғын үй шаруашылығын абаттандыру	Ереже
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі			
1	Сала	Білім	Ереже
1.1	Бағыт	Мектепке дейінгі білім	Ереже
1.2	Бағыт	Орта білім	Ереже
1.3	Бағыт	Техникалық және кәсіби білім	Ереже
1.4	Бағыт	Жоғары білім	Ереже
2	Сала	Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет	Ереже
3	Сала	Балалар құқығын қорғау	Ереже
4	Сала	Жастар саясаты	Ереже
Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі			
1	Сала	Табиғи монополиялар саласын және реттелетін нарықтардағы баға белгілеуді мемлекеттік реттеу	Ереже
1.1	Бағыт	Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін бақылау және реттеу	Ереже
1.2	Бағыт	Реттелетін нарық субъектілерінің бағаларын белгілеуін мемлекеттік реттеу және бақылау	Ереже
1.3	Бағыт	Реттелетін қызметтер көрсетуге(тауарларға, жұмыстарға) кемсітушіліксіз қол жеткізуді қамтамасыз ету	Ереже
1.4	Бағыт	Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру саласында тұтынушылардың құқығын қорғау	Ереже
1.5	Бағыт	Агенттіктің қарамағындағы мемлекеттік басқару аяларында (салаларында) бәсекелестіктің дамуына жәрдемдесу	Ереже
Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігі			
1	Сала	Бәсекелестікті қорғау және тиісті тауар нарықтарындағы сәйкес монополиялық қызметі шектеулері іске асыру, сонымен бірге тұтынушылардың құқығын қорғау	Ереже
1.1	Бағыт	Адал бәсекелестіктің дамуына жәрдемдесу	Ереже
1.2	Бағыт	Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасын бұзушылықтардың алдын алу және тергеу, ескерту	Ереже
1.3	Бағыт	Экономикалық шоғырландыруды бақылау	Ереже
1.4	Бағыт	Бәсекелестікті шегеретін нарық субъектілерін монополиясыздандыру	Ереже
1.5	Бағыт	Тұтынушылардың құқығын қорғау	Ереже
Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі			
1	Сала	Еліміздің ғылыми-техникалық дамуы мен инновациялары	Ереже
2	Сала	Арнайы экономикалық аймақтардың инвестицияларды мемлекеттік қолдау мен жұмыс істеуі	Ереже
2.1	Бағыт	Қолайлы инвестициялық ахуал жасау	Ереже

2.2	Бағыт	Экономиканың шикізат емес секторына инвестициялар тарту	Ереже
2.3	Бағыт	Инвестициялық жобалардың іске асуы мен мониторингі	Ереже
2.4	Бағыт	Арнайы экономикалық аймақтардың жұмыс істеуі	Ереже
3	Сала	Өнеркәсіп	Ереже
3.1	Бағыт	Тау кен-металлургиялық кешені	Ереже
3.2	Бағыт	Машина жасайтын сала	Ереже
3.3	Бағыт	Құрылыс индустриясы мен құрылыс материалдары	Ереже
3.4	Бағыт	Химия өнеркәсібі	Ереже
3.5	Бағыт	Фармацевтикалық және медициналық өнеркәсіп	Ереже
3.6	Бағыт	Жеңіл, жиһаз және ағаш жасайтын өнеркәсіп	Ереже
3.7	Бағыт	Көмір өнеркәсібі	Ереже
4	Сала	Туризм	Ереже
4.1	Бағыт	Туристтік саладағы сервистің дамуы	Ереже
4.2	Бағыт	Туристтік саладағы инфрақұрылымның дамуы	Ереже
4.3	Бағыт	Туристерді тарту	Ереже
5	Сала	Энергетика	Ереже
5.1	Бағыт	Электрэнергетика	Ереже
5.2	Бағыт	Энергия көзінің жаңаруы	Ереже
5.3	Бағыт	Жылу энергетикасы	Ереже
6	Сала	Энергияны үнемдеу мен энергия тиімділік	Ереже
7	Сала	Техникалық реттеу мен метрология	Ереже
8	Сала	Геология мен жер қойнауларын пайдалану	Ереже
8.1	Бағыт	Геологиялық зерттеулер	Ереже
8.2	Бағыт	Минералды-шикізат базасын қалпына келтіру, жер қойнауын ұтымды және кешенді қолдану	Ереже
8.3	Бағыт	Көміртегі шикізатын қоспағанда, минералды ресурстарды қолдану	Ереже
8.4	Бағыт	Қатты пайдалы қазбалар, жерасты сулар мен емдік балшықтар	Ереже
9	Сала	Машиналар мен жабдықтардың химиялық өнімнің қауіпсіздігі (сала бағытына сәйкес)	Ереже
10	Сала	Жергілікті (Қазақстандық) қамтуды дамыту	Ереже
11	Сала	Экспорттық бақылау	Ереже
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі			
1	Сала	Мемлекеттік қызмет аясында бірыңғай мемлекеттік саясатын іске асыру:	Ереже
1.1	Бағыт	Мемлекеттік қызмет жүйесін жетілдіру	Ереже
1.2	Бағыт	Мемлекеттік қызмет кадрларының жай-күйі мониторингісі мен мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызмет саласында заңнаманың сақталуын бақылау	Ереже
1.3	Бағыт	Мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру мәселелері бойынша мемлекеттік органдар қызметін үйлестіру	Ереже
1.4	Бағыт	Персоналды басқару тиімділігін бағалау	Ереже
2	Сала	Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау мен бақылау	Ереже
Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі			
1	Сала	Мұнай саласын дамыту	Ереже

2	Сала	Газ саласын дамыту	Ереже
3	Сала	Мұнай -химиялық өнімнің өндірісін қамтамасыз ету	Ереже
4	Сала	Көміртегі	Ереже
5	Сала	Қазақстандық қамту бойынша көміртегі шикізатын барлау, өндіру және бірігіп барлау мен өндіруді өткізуге жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарттардың шарттарын бақылау және мониторингі	Ереже
Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі			
1	Сала	Жер ресурстарының басқару саласында оның ішінде жерлерді ұтымды пайдалану мен қорғауды қамтамасыз ету үшін мемлекеттік реттеу	Ереже
2	Сала	Геодезиялық және картографиялық өнім	Ереже
Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі			
1	Сала	Мәдениетті дамыту	Ереже
2	Сала	Тарихи-мәдени мұра объектілерін пайдалану және күзету	Ереже
3	Сала	Тілдерді дамыту	Ереже
4	Сала	Этносаралық келісімнің Ішкі саяси тұрақтылығын бекіту	Ереже
5	Сала	Мемлекеттік рәміздерді әзірлеу мен пайдалану	Ереже
6	Сала	Ақпарат	Ереже
7	Сала	Мұрағат іс және құжаттама	Ереже
8	Сала	Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс	Ереже
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі			
1	Сала	Денсаулық сақтау субъектілері қызметінің тиімділігін қамтамасыз ету жолымен халыққа сапалы медициналық көмектің барлық түрлерін ұйымдастыру	Ереже
1.1	Бағыт	Халыққа сапалы медициналық көмектің барлық түрлерін ұйымдастыру	Ереже
1.2	Бағыт	Тегін медициналық көмектің кепілді көлемін қамтамасыз ету	Ереже
1.3	Бағыт	Медициналық қызметтер сапасын бақылау	Ереже
2	Сала	Аурулардың алдын алу және салауатты өмір салтын қалыптастыру	Ереже
3	Сала	Санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз ету	Ереже
4	Сала	Халыққа дәрілік құралдардың сапасы мен қолжетімдігін арттыру	Ереже
5	Сала	Медициналық білім және ғылым, денсаулық сақтау саласындағы кадр саясаты	Ереже
5.1	Бағыт	Саланы білікті кадрлармен қамтамасыз ету	Ереже
5.2	Бағыт	Медициналық ғылымды дамыту	Ереже
5.3	Бағыт	Фармацевтикалық ғылымды дамыту	Ереже
Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі			
1	Сала	Діни қызмет	Ереже
1.1	Бағыт	Діни қызмет саласындағы мемлекеттік реттеу және діни бірлестіктерімен өзара іс-қимыл	Ереже
1.2	Бағыт	Ақпараттық-насихаттау және түсіндіру жұмысы	Ереже
1.3	Бағыт	Құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл және жергілікті атқарушы органдар қызметінің өз құзыреті шегінде үйлестірілуін жүзеге асыру	Ереже

Қадағаланатын саладағы /аядағы/ өңірдегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру тиімділігін

**Аумақтарды дамыту бағдарламасы шеңберінде
Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы органдардың қызметі
салаларының тізбесі**

№	Мәні	Саланың/бағыттың атауы	Деректеме
1	Сала	Экономика:	Ереже
1.1	Бағыт	Өнеркәсіп	Ереже
1.2	Бағыт	Агроөнеркәсіп кешені	Ереже
1.3	Бағыт	Шағын және орта бизнес, сауда	Ереже
1.4	Бағыт	Инновациялар мен инвестициялар	Ереже
2	Сала	Әлеуметтік сала	Ереже
2.1	Бағыт	Білім	Ереже
2.2	Бағыт	Денсаулық сақтау	Ереже
2.3	Бағыт	Халықты әлеуметтік қорғау	Ереже
2.4	Бағыт	Мәдениет және тілдерді дамыту	Ереже
2.5	Бағыт	Дене шынықтыру және спорт, туризм	Ереже
2.6	Бағыт	Ішкі саясат	Ереже
2.7	Бағыт	Қоғамдық қауіпсіздік пен тәртіп	Ереже
3	Сала	Инфрақұрылым	Ереже
3.1	Бағыт	Байланыс және коммуникациялар	Ереже
3.2	Бағыт	Құрылыс	Ереже
3.3	Бағыт	Жолдар және көлік	Ереже
3.4	Бағыт	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	Ереже
4	Сала	Ауылдық аумақтарды, экологияны дамыту	Ереже
5	Сала	Мемлекеттік қызметтерді көрсету	Ереже
6	Сала	Қоршаған ортаны қорғау	Ереже

Қадағаланатын саладағы /аядағы/
өңірдегі стратегиялық мақсаттар
мен міндеттерге қол жеткізу
және іске асыру тиімділігін
бағалау жөніндегі әдістемеге
4-қосымша
нысан

Жергілікті атқарушы органдардың нәтижелілік коэффициентін есептеу

№	Көрсеткіштің атауы	өлш.бір.	алдыңғы кезең	есепті кезең	Көрсеткіштер индексі

1	2	3	4	5	6
1	Жұмыссыздық деңгейі	%			
2	Жұмыспен қамтылған халықтың құрамында өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үлесі	%			
3	Баспананы қажет ететін азаматтар саны	адам.			
4	Стационарлық көздерден шығатын ауаны ластайтын заттардың жан басына шаққанда атмосфераға шығарылды	кг жан басына.			
5	Халықтың ақшалы табыс индексі	%			
6	Халықтың жан басына шаққанда Жалпы өңірлік өнім	мың теңге			

Қадағаланатын саладағы /аядағы/
өңірдегі стратегиялық мақсаттар
мен міндеттерге қол жеткізу
және іске асыру тиімділігін
бағалау жөніндегі әдістемеге
5-қосымша
нысан

Қадағаланатын саладағы /аядағы /өңірдегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру тиімділігін бағалау нәтижелері туралы қорытынды

(орталық мемлекеттік органның/жергілікті атқарушы органның атауы)

(есеп беру кезеңі)

№	Бағалау өлшемдері	Әрбір өлшемді бағалау балы
1	Стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының сапасы мен толықтығы	
2	Стратегиялық жоспардың/Аумақтарды дамыту бағдарламасының мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу	
3	Тәуекелдерді басқару	
4	Жергілікті атқарушы органдар нәтижелілігінің коэффициенті	
	Балды шегеру	
Жалпы баға:		

Талдамалық есеп және орталық мемлекеттік органның/жергілікті атқарушы органның қызметін бағалау бойынша тұжырымдар:

Орталық мемлекеттік органның/жергілікті атқарушы органның қызметін
жақсарту бойынша ұсынымдар

Мемлекеттік органның/Президент Әкімшілігі/
Премьер-Министрі Кеңесі
құрылымдық бөлімшесінің басшысы _____
(қолы) (қолды таратып жазу)

Мемлекеттік органның
тиісті құрылымдық
бөлімшесінің басшысы _____
(қолы) (қолды таратып жазу)

Қадағаланатын саладағы /аядағы/
өңірдегі стратегиялық мақсаттар
мен міндеттерге қол жеткізу
және іске асыру тиімділігін
бағалау жөніндегі әдістемеге
б-қосымша
нысан

Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша келіспеушіліктер кестесі

(мемлекеттік органның атауы)

«Қадағаланатын саладағы /аядағы /өңірдегі стратегиялық мақсаттар мен
міндеттерге қол жеткізу және іске асыру» бағыты бойынша

№	Мемлекеттік жоспарлау бойынша уәкілетті органның қорытындысы	Бағаланатын мемлекеттік органның наразылығы	Шағымдану қорытындысы бойынша шешім (қабылданды/қабылданбады)	Ескерту (наразылықты қабылдау/қабылдамау негіздемесі)
1	2	3	4	5
1				
2				
...				

Тұжырымдар: 1-өлшем бойынша: _____;

2-өлшем бойынша: _____;

Шағымдану қорытындыларын ескере отырып, жалпы балл _____.

Комиссия төрағасы, лауазымы _____

(қолы)

(қолды таратып жазу)

Шағымдану

қорытындылармен

таныстым

Бағаланатын

мемлекеттік

органның

Өкілі, лауазымы _____

(қолы)

(қолды таратып жазу)

« ____ » _____ 20 ____ ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК